

**Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 тамызда № 29293 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 388-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 29.09.2023 № 388-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-2-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-2-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін бұдан әрі – тізілім ) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) интернет-ресурс – бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат;

2) лездік хабар алмасу сервисі – қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған бағдарламалық қамтылымды қоспағанда, лездік хабарлар алмасуға не оларды нақты айқындалған тұлғаға ( тұлғаларға) телекоммуникация желілерін пайдалана отырып нақты уақыт режимінде беруге арналған және (немесе) сол үшін пайдаланушылар қолданатын бағдарламалық қамтылым;

3) онлайн-платформа – қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған интернет-ресурсты және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисін қоспағанда, белгілерді және (немесе) сигналдарды және (немесе) дауыстық ақпаратты және (немесе) жазбаша мәтінді және (немесе) кескінді және (немесе) дыбыстарды және (немесе) хабарларды орналастыру, қабылдау және (немесе) нақты айқындалған немесе айқындалмаған тұлғалар

тобына беру арқылы пайдаланушының өзі жасаған дербес парақшасы арқылы ақпарат таратуына арналған интернет-ресурс және (немесе) лездік хабарлар алмасу сервисі;

4) уәкілетті орган – бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Тізілімді жүргізудің негізгі міндеттері – уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің заңды өкілдерін енгізу және есепке алу болып табылады.

4. Тізілімді уәкілетті орган электрондық түрде қазақ және басқа тілдерде жүргізеді.

## **2-тарау. Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу тәртібі**

5. Тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді уәкілетті орган осы Қағидалардың 7-тармағының 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларына сәйкес шетелдік онлайн-платформаның және (немесе) жедел хабар алмасу сервисінің меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында көрсетілген электрондық мекенжайға ұсынған мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

6. Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдері туралы мәліметтерді тізілімге енгізуді уәкілетті орган уәкілетті органның ресми сайтында көрсетілген электрондық мекенжайға мәліметтерді алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

7. Әрбір тізілімдік жазба мынадай ақпаратты қамтиды:

1) шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің заңды өкілдері туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты (тұратын) жері бойынша тіркелген мекенжайы немесе нақты тұратын жерінің мекенжайы;

заңды тұлғалар үшін – толық және қысқартылған (бар болса) атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жерінің мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірі, заңды тұлға басшысының, ұйымның өзге де байланыс адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

жеке кәсіпкерлер үшін – атауы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты (тұратын) жері бойынша тіркелген мекенжайы ;

шетелдік ұйымдар үшін – толық және қысқартылған (бар болса) атауы, тіркелген елі, салық сәйкестендіргіші және (немесе) тіркелген елдің сауда тізіліміндегі салық сәйкестендіргіші, орналасқан жерінің мекенжайы;

шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі және құжатты берген ел, тұрғылықты (тұратын) жері бойынша тіркеу мекенжайы (бар болса);

2) шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің заңды өкілінің пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы;

3) онлайн-платформаның және (немесе) лездік хабар алмасу сервисінің домендік атауы;

4) онлайн-платформа әкімшілігінің және (немесе) лездік хабар алмасу сервисінің электрондық мекенжайы;

5) тізілім жазбасының нөмірі және оны тізілімге енгізу күні;

6) уәкілетті органның шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің заңды өкілдерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыруға байланысты мәліметтер;

7) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), және 6) тармақшаларында көзделген деректердің өзгеруіне байланысты мәліметтер.

8. Шетелдік онлайн-платформаның және (немесе) лездік хабар алмасу сервисінің қызметін тоқтату туралы не уәкілетті органмен өзара іс-қимыл бойынша олардың заңды өкілінің ауысқаны туралы ақпаратты, сондай-ақ осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген деректердің өзгерістері туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган оларды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді.

9. Тізілімде жазбалардың жасалған күні мен уақыты көрсетілген тізілімдік жазбалардың өзгертулерінің дербестендірілген тарихы сақталады. Тізілімнен мәліметтерді жоюға жол берілмейді.